

**2 БӨЛІМ.
ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**РАЗДЕЛ 2.
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКОВ**

**SECTION 2.
METHODS OF TEACHING LANGUAGES**

ӨОК 372.881.161.1:81'27
FTAXP 14.25.09

[DOI: 10.52301/2957-5567-2025-4-2-116-128](https://doi.org/10.52301/2957-5567-2025-4-2-116-128)

Ж.Е. Атығаева

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті

Павлодар, Қазақстан



<https://orcid.org/0009-0002-3841-851X>

email: atygayeva.zhaniya@ppu.edu.kz

А.Ш. Тілеулесова

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

Астана, Қазақстан



<https://orcid.org/0000-0002-3471-6109>

email: tleulesova.ardak@mail.ru

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ СЕМИОТИКАЛЫҚ
ТРАНСФОРМАЦИЯ**

Аңдатпа. Мақала қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыруда семиотикалық трансформация әдісін қолдануды зерттеуге арналған. Билингвалды білім беру жағдайында авторлар семиотикалық трансформацияны вербалды, визуалды және мультимодальды таңбалық жүйелерді оқу үдерісіне біріктіру тәсілі ретінде қарастырады. 5-сыныптарда өткізілген әдістемелік эксперимент барысында интеллект-карталар, цифрлық кітаптар, комикстер, визуалды жобалар мен мәдениетаралық өзара әрекеттесу сценарийлері сияқты мультимодальды өнімдер жасалды. Оқыту үдерісі Miro, Pixton және StoryJumper сияқты цифрлық платформаларды қолдану арқылы жүзеге асырылып, бұл мәдени мағыналарды визуализациялауға және оқушыларды оқытылатын мәдениетпен диалогқа тартуға мүмкіндік берді. Семиотикалық трансформация иллюстрацияларды интерпретациялау, маршруттар құрастыру және мультфильмдерді дыбыстау тапсырмалары арқылы жүзеге асырылды. Мұндай тапсырмалар оқушылардың тұлғалық рефлексиясын, мәдениетаралық қиялын және білім беру үдерісіне белсенді

This is an Open Access article distributed under the terms of the Creative Commons Attribution License, which permits unrestricted use, distribution, and reproduction in any medium, provided the original author and source are credited.

қатысуын ынталандырды. Мақалада сипатталған тәсіл визуалды қабылдауға және цифрлық технологияларды қолдануға бейім қазіргі заман оқушыларының танымдық және эмоционалдық ерекшеліктеріне сай келетін тиімді оқыту әдісі ретінде өз тиімділігін көрсетті. Бұл әдісті білім беру сапасын жақсарту және оқушылардың полимәдени қоғамда өмір сүруге қажетті негізгі құзыреттіліктерін дамыту мақсатында оқу үдерісіне енгізуге болады.

Түйінді сөздер: екінші тіл ретіндегі орыс тілі, билингвалды білім беру, әлеуметтік-мәдени құзыреттілік, семиотикалық трансформация, цифрлық платформалар.

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Мақаланың тарихы:

Түскен мерзімі: 13.04.2025

Баспаға қабылданған мерзімі: 23.05.2025

Кіріспе

Қазақстан Республикасының көпмәдениетті және көптілді кеңістігінде мектеп оқушыларының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін дамыту – қазіргі тілдік білім берудің басты бағыттарының бірі болып табылады. Бұл мәселе, әсіресе, оқу тілі қазақ тілі болып саналатын мектептерде орыс тілін екінші тіл ретінде оқыту барысында айқын көрінеді. Мұндай жағдайда оқушылар тек тілдік жүйені меңгеріп қана қоймай, орыс тілінде сөйлейтін қауымның дүниетанымы мен құндылықтарын жеткізетін мәдени кодтарды да түсінуі тиіс. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру тек мәдениетаралық тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз етпейді, сонымен бірге мәдени саналы ойлау қабілеті бар және мәдени әртүрлілікті құрметтейтін тұлғаның дамуына жағдай жасайды.

Тілді мәдениетті жеткізуші әрі әлемді түсіндіру құралы ретінде қарастыру лингвистикалық тұрғыдан терең теориялық негіздерге сүйенеді. Э. Сепир мен Б. Уорфтың еңбектерінде тіл адамның шындықты қабылдауын қалыптастыратын жүйе ретінде қарастырылады (Sapir, 1921; Whorf, 1956). Бұл тұжырымдар В. фон Гумбольдтың (1985) еңбектерінде дамытылып, ал орыс тіл білімінде В. В. Красных (2002, б. 161–162) тілдік әлем бейнесі ұғымын енгізсе, Е.М. Верещагин мен Ю.Н. Костомаров (2014) тілдік тұлғаны мәдени нормалардың тасымалдаушысы ретінде сипаттаған.

Қазақстандық контексте тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланысты зерттеу тілдің ұлттық құндылықтарды, этникалық бірегейлікті және менталитетті бейнелейтін әлеуметтік-мәдени құбылыс ретіндегі мәнін ұғынуға бағытталған. Сонымен қатар, билингвальды және полимәдени білім беру мәселелеріне, сондай-ақ мәдениетаралық төзімділікті қалыптастырудағы лингвомәдени компоненттің маңыздылығына да ерекше назар аударылады (Temirgazina et al., 2021).

Заманауи халықаралық зерттеулер тілдерді оқыту үдерісінде мәдени компоненттерді біріктірудің маңыздылығын айқын көрсетеді. Үйреніліп жатқан тілдің мәдениетімен танысу әлеуметтік-мәдени сауаттылықты дамытуға ықпал етіп, тілдік ортаға тереңірек бойлауға мүмкіндік береді (Khouni, Boudjelal, 2019). Билингвальды білім беру аясында оқытудың лингвистикалық, мәдени және әдістемелік қырларын үйлестіру қажеттілігіне ерекше назар аударылады (Domke, May, 2024).

Осылайша, жинақталған теориялық және эмпирикалық материал орыс тілін екінші тіл ретінде оқытуда әдістемелік тәсілдерді қайта қарастыру қажеттігін көрсетеді. Болашағы бар бағыттардың бірі ретінде визуалды, вербалды және поликодты мәтіндерді талдау мен интерпретацияға негізделген семиотикалық трансформация әдісін қолдану ұсынылады. Бұл әдістемелік көзқарастың негізінде таңбалар мен таңбалық жүйелерді зерттейтін ғылым – семиотика қағидаттары жатыр. Семиотикалық бағыт тілге тек жеке жүйе ретінде емес, мағынаны білдірудің өзге де тәсілдерімен: көрнекі бейнелермен, ишаралармен, белгілермен және кеңістіктік ұйымдастырумен тығыз байланыста қарауға мүмкіндік береді.

Межсемиотикалық талдаудың маңыздылығын алғаш негіздеген зерттеушілердің бірі Р. Якобсон (Jakobson, 1959, б. 233) болды. Ол аударудың үш түрін анықтап көрсеткен: ішкітілдік, тіларалық және межсемиотикалық (немесе трансмутация). Соңғысы – бір таңбалық жүйеден екіншісіне көшу үдерісін білдіреді (мысалы, мәтінді бейнеге айналдыру). Осы үдеріс білім беру тәжірибесіндегі семиотикалық трансформацияның басты тетігіне айналады.

Қазіргі зерттеулер семиотикалық тәсілдің дидактикалық әлеуетін, әсіресе оқушылардың мәдени феномендерді мағыналық тұрғыдан интерпретациялау дағдыларын дамыту контекстінде ерекше атап көрсетеді. Семиотикалық диагностиканың жасалған әдістемелері креативті білім беруге деген әлеуметтік сұранысты және қазіргі медиалық кеңістікке тән көпкодты хабарламаларды қабылдауға оқушылардың дайындығын өлшеуге мүмкіндік береді (Люрья, 2020, б. 123–124). Семиотикалық трансформация цифрлық дәуірде ерекше маңызға ие бола бастайды, себебі визуалды және мультимодальды коммуникация түрлері біртіндеп вербалды қатынастың орнын басуда. Қазіргі білім беру тәсілдері оқушылардың тек тілдік емес, сонымен қатар цифрлық контентті саналы түрде қабылдау мен желілік мәдениетке белсенді араласу үшін қажет визуалды-семиотикалық сауаттылығын дамытуға бағытталған (Constantinidou, 2023).

Мектептегі білім беру жүйесінде семиотикалық трансформация әдісін визуалды, вербалды-визуалды (креолизацияланған) және цифрлық мәтіндермен жұмыс істеу арқылы, сондай-ақ оқушылардың өз мультимодальды өнімдерін – комикстер, инфографикалар мен цифрлық әңгімелер – жасау арқылы жүзеге асыруға болады. Мұндай оқу әрекетінің формалары тілдік білім берудің әлеуметтік бағытталған әрі мағынаға негізделген моделінің негізін құрай отырып, оқушыларды нақты мәдени контекске енгізуге мүмкіндік береді (Mickan, 2017).

Осылайша, семиотикалық трансформация билингвальды және мультимодальды білім беру жағдайында мектеп оқушыларының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігінің негізін қалыптастыратын мағыналық талдау мен рефлексия дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді әдіс ретінде қарастырылады.

Осы зерттеудің мақсаты – қазақ тілді мектептерде орыс тілін екінші тіл ретінде оқыту барысында семиотикалық трансформация әдісінің әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырудағы тиімділігін зерттеу.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін 2024 жылғы 14 наурыз бен 17 мамыр аралығында 5-сыныптарда әдістемелік эксперимент жүргізілді. Эксперимент билингвальды білім беру жағдайында, орыс тілі екінші тіл ретінде оқытылатын және «Орыс тілі мен әдебиеті» интеграцияланған курсы аясында қамтылған қазақ

тілді жалпы білім беретін мектепте өткізілді. Мектеп заманауи мультимедиялық ресурстармен қамтамасыз етілген, бұл оқу үдерісінде цифрлық платформаларды, визуалды және аудиалды материалдарды белсенді пайдалануға мүмкіндік берді. Экспериментке екі 5-сыныптың 71 оқушысы қатысты: бақылау тобында – 36 оқушы, эксперименттік тобында – 35 оқушы. Бұл жас категориясын таңдау себебі – оқушылардың бастауыш пен негізгі мектеп арасындағы өтпелі кезеңде болуы. Бұл кезеңде олардың когнитивтік, эмоциялық және әлеуметтік дамуының ерекшеліктері айқын көрінеді. Дәл осы уақытта оқушылар тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсіне бастайды және өздерін кең мәдени кеңістіктің бір бөлігі ретінде сезіне бастайды. Сонымен қатар, бұл жас тобы Альфа буынына жатады – бұл ұрпақ визуалды ақпаратты қабылдаудың жоғары деңгейімен, креативті ойлаумен және цифрлық контентке жедел реакциямен ерекшеленеді. Осы қасиеттер олардың семиотикалық және мультимодальды оқыту түрлерін қабылдауға ерекше бейімділігін айқындайды (McCrindle et al., 2021).

Эксперимент алдында 5-сыныптарға арналған орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы мен оқулықтарына контенттік талдау жүргізілді (Atygayeva, Temirgazina, 2024). Зерттеу әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру тұрғысынан қолданыстағы білім беру материалдарының мүмкіндіктері мен шектеулерін анықтауға бағытталды. Теориялық негіз ретінде А.Н. Шукин мен Г.М. Фролова (2015, б. 158–159) ұсынған әлеуметтік-мәдени құзыреттілік компоненттерінің жіктемесі алынды. Бұл жіктемеге лингвистикалық, прагматикалық, этикалық, эстетикалық және елтанымдық компоненттер кіреді. Талдау нәтижелері қазіргі бағдарламалардың әлеуметтік-мәдени оқытудың барлық қырларын толық деңгейде ескермейтінін көрсетті. Бұл оқушылардың тілді тек таңбалық жүйе ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени мағынаға толы қарым-қатынас құралы ретінде меңгеру мүмкіндігін шектейді.

Алынған қорытындылар негізінде семиотикалық трансформация әдісін қолдануға негізделген эксперименттік әдістеме әзірленді. Әдістеме визуалды, вербалды және мультимодальды таңбалардың интерпретациясы мен түрлендірілуін көздей отырып, оқушыларда орыс тілін мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде тұтас қабылдауды қалыптастыруды мақсат етті. Оқыту үдерісінде Miro, Pixton және StoryJumper сияқты цифрлық ресурстар белсенді қолданылды. Бұл платформалар креолизацияланған мәтіндермен, визуалды бейнелермен және мәдени-мағыналық белгілермен жұмыс істеуге мүмкіндік берді.

Әдістемелік эксперимент үш кезеңде жүзеге асырылды:


- 1) оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігінің бастапқы деңгейін диагностикалау;
- 2) эксперименттік әдістемені оқу үдерісіне енгізу;
- 3) оқушылардың қорытынды диагностикасы.

Әдістеме мектептегі оқу үдерісі жағдайында сынақтан өткізілді және оқушылар мен мұғалімдердің рефлексиясымен қатар жүрді. Алынған деректер семиотикалық тәсілдің қазақ мектептерінде орыс тілін екінші тіл ретінде оқытудағы тиімділігін бағалаудың негізіне айналды.

Нәтижелер және талқылау

Кіріспе диагностика эксперименттің алғашқы кезеңі ретінде жүргізілді және оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігінің бастапқы деңгейін бағалауға

бағытталды. 5-сынып оқушылары арасында жүргізілген бастапқы тестілеудің нәтижелері 1 суретте көрсетілген.



Сурет 1. Оқушылардың кіріспе диагностикасының нәтижелері

Бастапқы тестілеу нәтижелерін талдау оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігінің негізінен лингвистикалық (бақылау тобында – 45%, эксперименттік топта – 43%), прагматикалық (екі топта да – 38%) және этикалық (бақылау тобында – 34%, эксперименттік топта – 35%) компоненттері қалыптасқанын көрсетеді. Бұл нәтижелер білім беру бағдарламасының оқушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайындық, әлеуметтік белсенділік және мәдени әртүрлілікті түсіну қабілеттерін қалыптастыруға оң әсерін тигізетінін көрсетеді. Алайда эстетикалық компонент (бақылау тобында – 25%, эксперименттік топта – 28%) пен елтанымдық компонент (бақылау тобында – 18%, эксперименттік топта – 21%) бойынша көрсеткіштердің төмендігі бұл бағыттағы жұмысты күшейтудің қажеттілігін айқындайды. Сондықтан оқушылардың өнер туындылары мен мәдени феномендерді қабылдау және талдау дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлу маңызды.

Эксперименттің екінші кезеңінде оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған, семиотикалық трансформация элементтерін қолдануға негізделген тапсырмалар енгізілді. Бұл жаттығулар тіл мен визуалды бейнелерде қамтылған мәдени мағыналарды ашуға мүмкіндік беретін мультимодальды мәтіндерді интерпретациялау, түрлендіру және жасау үдерістеріне құрылды.

Ерекше назар оқушылар тек мәдени белгілерді танып қана қоймай, сонымен қатар мәдениетаралық өзара әрекеттесу жағдайларын өз бетімен модельдейтін тапсырмаларға бөлінді. Бұл тапсырмалар визуалды сюжеттер, комикстер, сондай-ақ олардың мәдени шындықты түсінуін бейнелейтін ассоциативтік қатарлармен цифрлық тақталар жасауды қамтыды. Мұндай жұмыс форматы оқушылардың тілдік және визуалды дағдыларын дамытуға ғана емес, зерттеліп жатқан мәдениетке деген тұлғалық көзқарасын қалыптастыруға да септігін тигізді. Цифрлық платформаларды қолдану оқу үдерісін интерактивті форматта ұйымдастыруға мүмкіндік берді, мұнда оқушылар тек ақпаратты қабылдаушылар емес, мәдени диалогтың белсенді қатысушыларына айналды.

Төменде әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің елтанымдық, эстетикалық және этикалық компоненттерін қалыптастыруға бағытталған тапсырма үлгілері ұсынылған.

1. Өзіңді Т. Крюкованың «Хрустальный ключ» повесіндегі ертегілік әлемде жүргендей елестет. Батырлар бейнеленген суретке мұқият қара (Сурет 2). Олардың сыртқы келбеті қандай? Сенің ойыңша, шынайы батыр қандай болу керек?




Сурет 2. Т. Крюкованың «Хрустальный ключ» повесіне арналған иллюстрация

Бұл тапсырма семиотикалық трансформация әдісінің оқушыларға әртүрлі таңбалық жүйелермен өзара әрекеттесуге қалай көмектесетінін көрсетеді: бұл жағдайда әдеби мәтін (тілдік таңбалар жүйесі) визуалды элементтер (иллюстрация) арқылы интерпретацияланып, кейін оқушылардың сипаттамасы мен ой-толғауы арқылы қайта мәтіндік формада талданады.

Оқушылар мәтіннің семиотикалық көрінісі болып табылатын иллюстрациямен жұмыс жасайды. Олар батырлардың сыртқы келбетін талдап, кейіпкерлердің басты сипаттарын ашып көрсететін детальдерді (киімі, мимикасы) зерттейді. Бұл визуалды элементтердің мәтін мазмұнын қалай толықтыратынын түсінуге септігін тигізеді. Иллюстрацияны сипаттау арқылы оқушылар визуалды ақпаратты қайтадан мәтіндік формаға аударады, яғни көргенін жеткізу үшін тілді қолданады. Бұл олардың ойды нақты тұжырымдау және байланысты мәтін құрастыру дағдыларын дамытады. Батырлардың бейнесін талдай отырып, оқушылар сыртқы белгілер мен мінез-құлық сипаттары (мысалы, күш, батылдық, ерлік) арасындағы байланысты анықтайды.

Бұл тапсырманы келесі деңгейге көтеру үшін оқушыларға Pixton платформасында өз комикстерін жасау ұсынылады. Онда олар батырлардың бейнесін және повестің негізгі эпизодтарын визуалды түрде бейнелей алады. Көрсетілген 3 суретте комикстің алғашқы кадры берілген: сахна ортасында дәстүрлі киімдегі кейіпкер орман арқылы ат жетектеп өтуде. Оқушылар фонды, кейіпкерлердің қалпы мен мимикасын өздері таңдай отырып, тек сыртқы сипаттарды ғана емес, сонымен қатар кейіпкерлердің мінезін, эмоциясын және уәжін де көрсетуге мүмкіндік алады.

Комикс жасау көркем мәтінді визуалды модельдеу арқылы тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Оқушылар әдеби бейнелерді таңбалық элементтерге сүйене отырып (түстер, бет әлпеті, қимыл-қозғалыс) интерпретациялайды. Бұл – семиотикалық трансформацияның айқын мысалы, яғни вербалды қабылдаудан визуалды репрезентацияға өту үдерісі. Мұндай жұмыс түрі оқушылардың тіл, бейне және символика құралдары арқылы мәдени маңызы бар мағыналарды жеткізе білу дағдысын дамыта отырып, әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді.




Сурет 3. Pixton платформасындағы комикс кадры

2. Қолыңда әлемнің кез келген жеріне апаратын сиқырлы билет бар деп елестет! Өз «Армандағы саяхатыңды» ойлап тауып, суретін сал.

Оқушылар өздерінің саяхат маршрутын жоспарлап, қандай көрікті жерлерді аралайтынын таңдауы тиіс. Жобамен жұмыс істеу барысында олар таңдалған елдің тарихымен, салт-дәстүрлерімен, ұлттық тағамдарымен, мейрамдарымен, киім үлгілерімен, музыкасы және өнерімен, сондай-ақ басқа да мәдени ерекшеліктерімен танысады. Бұл тапсырмада семиотикалық трансформация әдісі тілдік таңбалар жүйесіне негізделген мәтіндік сипаттамадан визуалды және тәжірибелік элементтерге (карталар, фотосуреттер, суреттер, презентациялар) ауысу арқылы жүзеге асады, ал кейін оқушылар өз таңдауларын мәтін түрінде түсіндіріп, қайтадан вербалды формаға оралады. Бұл үдеріс оқушыларды әртүрлі таңбалық жүйелерді біріктіріп, мазмұнды әрі тұтас жобаны жасауға ынталандырады.

StoryJumper платформасында тапсырма цифрлық кітап форматында орындалады, мұнда оқушылар иллюстрациялар мен мәтіннің көмегімен саяхат бағытын құрастырады. 4 суреттегі мысал Кремль мен Ресейдің дәстүрлі бейнелерін визуалды таңбалар ретінде мультимодальды әңгімеге кіріктіруді көрсетеді. StoryJumper қолдану визуалды және мәдени сауаттылықты дамытып, мәдени тәжірибені цифрлық ортада шығармашылықпен түсіндіруге жағдай жасайды.




Сурет 4. Ресейге саяхат туралы интерактивті кітап

3. «Монстры на каникулах»¹ мультфильмінен дыбыссыз үзіндіні қарап шығып, кейіпкерлер не туралы сөйлесіп жатыр деп ойла. Олар үшін диалог құрастыр.

Бұл тапсырмада семиотикалық трансформация әдісі таңбалық жүйелер арасындағы кезең-кезеңмен өтуді жүзеге асырады. Оқушылар «Демалыс» тақырыбын визуалды қатар арқылы қабылдайды: бейнелер, түстер палитрасы, кейіпкерлердің мимикасы мен қимыл-қозғалысы арқылы. Осыдан кейін оқушылар алған визуалды әсерлерін өз бетімен түсіндіріп, кейіпкерлерге арналған диалогтар құрастырады. Бұл үдеріс визуалды ақпаратты терең ой елегінен өткізу арқылы вербалды формаға айналдыруды білдіреді. Мұндай тапсырма оқушылардың семиотикалық ойлауын дамытып қана қоймай, әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыруға көмектеседі және мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы олардың оқу үдерісіне қызығушылығын арттырады.

4. Т. Лилоның «Каникулы» әңгімесін оқы. «Демалыс» сөзіне байланысты сенде қандай ассоциациялар пайда болатынын жаз.

Miro платформасындағы ұжымдық жұмыстың нәтижесінде интеллект-карта жасалды (5 сурет). Картаның ортасында «Демалыс» сөзі орналасқан, одан «жаз», «саяхат», «лагерь», «достар» сияқты ассоциациялар тарайды. Бұл ұғымдар «күн», «теңіз», «велосипед», «футбол», «ұйқы» сияқты нақты бейнелер арқылы нақтыланды. Стикерлер, эмодзи және GIF-суреттер сияқты визуалды элементтер жұмыстың эмоционалдық әсерін күшейтіп, оны көркем әрі оқушылар үшін тұлғалық тұрғыда маңызды етіп көрсетті.




Сурет 5. «Демалыс» тақырыбына арналған интеллект-карта

Бұл тапсырмада Miro платформасын қолдану семиотикалық трансформация әдісін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік берді: оқушылар вербалды бейнені визуалды-графикалық формаға айналдырып, тілді, эмоцияны және мәдени контексті біріктірді. Билингвальды оқыту жағдайында бұл әдіс әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырудың маңызды алғышартына айналды, өйткені оқушылар сөздердің мағынасын түсініп қана қоймай, оларды өздерінің мәдени ортасына тән нақты өмірлік тәжірибемен байланыстыра алды.

1 <https://yandex.kz/video/preview/15555679506272323744?rdnd=309486>

Эксперимент аяқталғаннан кейін әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің қалыптасу деңгейіндегі өзгерістерді бағалау мақсатында қорытынды тестілеу өткізілді. Ол нәтижелерді салыстыру үшін бастапқы тестілеумен ұқсас бағыттар мен тапсырмаларды қамтыды.



Сурет 6. Оқушылардың қорытынды тестілеу нәтижелері

Суретте бақылау және эксперименттік топтар арасында әлеуметтік-мәдени құзыреттілік компоненттерінің қалыптасу деңгейіндегі айырмашылықтар көрсетілген. Ең айқын айырмашылық этикалық компонентте байқалды: эксперименттік топтың оқушылары 67% көрсетсе, бақылау тобында бұл көрсеткіш 41% болды. Бұл нәтижелер мәдени контексте моральдық-құндылықтық қабылдаудың дамығанын көрсетеді. Прагматикалық компонент бойынша эксперименттік топ 61% көрсеткішке қол жеткізсе, бақылау тобында бұл көрсеткіш 46% болды, бұл оқушылардың сөйлеу нормалары мен коммуникативтік жағдайларды жақсырақ түсінетінін көрсетеді. Эстетикалық компонент бойынша айырмашылық 20%-дан асады: эксперименттік топта – 55%, ал бақылау тобында – 30%. Мұндай нәтиже визуалды және көркем мәтіндермен жүйелі жұмыстың әсерінен туындаған. Лингвистикалық компонент бойынша эксперименттік топ 69% нәтижеге қол жеткізсе, бақылау тобында бұл көрсеткіш 54% болды, бұл тілдік сауаттылықтың жалпы деңгейінің артқанын дәлелдейді. Елтанымдық компонент екі топ үшін де ең төмен нәтиже көрсетті, дегенмен бұл бағытта да елеулі ілгерілеу байқалады: эксперименттік топта – 45%, бақылау тобында – 22%.

Осылайша, семиотикалық трансформация принциптері мен цифрлық платформаларды (Miro, Pixton) қолдануға негізделген эксперименттік әдістеме әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің барлық компоненттері бойынша 12%-дан 23%-ға дейін өсім берді. Бұл деректер мультимодальды тапсырмаларды оқыту үдерісіне енгізу тек тілді меңгеруге ғана емес, сонымен қатар оның мәдени контексін терең түсінуге де ықпал ететінін көрсетеді, бұл әсіресе билингвальды білім беру жағдайында аса маңызды.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу семиотикалық трансформация әдісін қазақ тілінде оқытатын мектептердің 5-сынып оқушыларының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін

калыптастыруда қолданудың өзектілігі мен тиімділігін растады. Мультимодальды мәтіндерді интерпретациялауға және әртүрлі таңбалық жүйелерді (вербалды, визуалды, аудиалды) біріктіруге негізделген әзірленген әдістеме дәстүрлі оқытумен салыстырғанда жоғары тиімділікті көрсетті. Miro, Pixton және StoryJumper цифрлық платформаларды қолдану сабақтарды интерактивті әрі көрнекі мазмұнға бай форматта өткізуге мүмкіндік берді. Оқушылар тек тілді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар мәдениетаралық диалогқа белсенді қатысып, өз мәтіндерін құрастырып, тілдік құралдар мен визуалды белгілер арқылы мәдени бейнелерді интерпретациялады. Қорытынды тестілеу нәтижелері әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің барлық компоненттері бойынша өсімді көрсетті, бұл орыс тілін екінші тіл ретінде оқытуда семиотикалық бағытталған әдістің тиімділігін дәлелдейді. Бұл әдіс визуалды қабылдау мен цифрлық өзара әрекетке бейімделген Альфа ұрпағы үшін ерекше өзекті. Мұндай әдістемені енгізу үлгілік оқу бағдарламасын жаңартуды талап етеді, атап айтқанда мәдени әртүрлілікке, тәжірибеге бағытталған тапсырмаларға және пәнаралық интеграцияға басымдық беру қажет. Бұл қазіргі қоғамда табысты мәдениетаралық өзара әрекетке қабілетті екітілді тұлғаны қалыптастыруға қолайлы жағдай жасайды.

Осылайша, семиотикалық трансформация әдісінің цифрлық құралдармен үйлесімді қолданылуы орыс тілін екінші тіл ретінде оқытуда тың мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл тәсіл мектептегі білім беру жүйесінде тіл мен мәдениетті ықпалдастыруға бағытталған педагогикалық тәжірибені жетілдіруге және осы бағыттағы болашақ зерттеулерге сенімді негіз қалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Верецагин Е.М., Костомаров Ю.Н. Язык и культура: три лингвострановедческие концепции: лексического фона, рече-поведенческих тактик и сапиентемы. Москва: Директ-Медиа, 2014. 510 с.
- Гумбольдт В. фон. Язык и философия культуры / сост., общ. ред. и вступ. статьи А. В. Гулыш, Г. В. Рамишвили. Москва: Прогресс, 1985. 451 с.
- Красных В.В. Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология: лекционный курс. Москва: Гнозис, 2002. 284 с.
- Люрья Н.А. Семиотическая диагностика: методология измерения эффективности трансформаций в образовании // Высшее образование в России. 2020. Т. 29, № 11. С. 122–127. <https://doi.org/10.31992/0869-3617-2020-29-11-122-127>
- Щукин А.Н., Фролова Г.М. Методика преподавания иностранных языков: учебник для студентов учреждений высшего образования, обучающихся по направлению подготовки «Лингвистика». Москва: Академия, 2015. 287 с.
- Atygayeva, Zh., & Temirgazina, Z. (2024). Methods of forming components of sociocultural competence in the study of Russian as a non-native language. *Til jäne ädebiät: teoriya i praktika*, 3(2), 94–114. <https://doi.org/10.52301/2957-5567-2024-3-2-94-114>
- Constantinidou, D.A. (2023). Language education, digital citizenship, and Juri Lotman's semiosphere. *Digital Age in Semiotics & Communication*, 6, 173–184. <https://doi.org/10.33919/dasc.23.6.9>
- Domke, L.M., May, L.A., Cerrato, M.A., Sanders, E.H., Kung, M., & Bingham, G.E. (2024). How dual language bilingual education preservice teachers draw upon and develop students' sociocultural competence. *Foreign Language Annals*, 57(3), 797–817. <https://doi.org/10.1111/flan.12744>

- Jakobson, R. (1959). On linguistic aspects of translation. In R. A. Brower (Ed.), *On Translation* (pp. 232–239). Harvard University Press.
- Khouni, O., & Boudjelal, A. (2019). Introducing the target language culture to EFL learners to enhance sociocultural competence. *Arab World English Journal (AWEJ)*, 10(3). <https://doi.org/10.2139/ssrn.3466046>
- McCrindle, M., Fell, A., & Buckerfield, S. (2021). *Generation Alpha: Understanding our children and helping them thrive*. Headline.
- Mickan, P. (2017). Text-based research and teaching from a social semiotic perspective: Transformative research and pedagogy. In P. Mickan & E. Lopez (Eds.), *Text-based research and teaching* (pp. 15–35). Palgrave Macmillan. https://doi.org/10.1057/978-1-137-59849-3_2
- Sapir, E. (1921). *Language: An introduction to the study of speech*. Harcourt, Brace.
- Temirgazina, Z., Albekova, A., & Kurmanova, Z. (2021). One more time about the heart: Naive anatomy in the Kazakh language in comparison with Russian and English. *Przegląd Wschodnioeuropejski*, 12(2), 459–475. <https://doi.org/10.31648/pw.6876>
- Whorf, B. L. (1956). *Language, thought, and reality: Selected writings of Benjamin Lee Whorf* (J. B. Carroll, Ed.). MIT Press.

References

- Atygayeva, Zh., & Temirgazina, Z. (2024). Methods of forming components of sociocultural competence in the study of Russian as a non-native language. *Til және әдебиет: теориясы мен тәжірибесі / Yazyk i literatura: teoriya i praktika*, 3(2), 94–114. <https://doi.org/10.52301/2957-5567-2024-3-2-94-114>
- Constantinidou, D.A. (2023). Language education, digital citizenship, and Juri Lotman's semiosphere. *Digital Age in Semiotics & Communication*, 6, 173–184. <https://doi.org/10.33919/dasc.23.6.9>
- Domke, L.M., May, L.A., Cerrato, M.A., Sanders, E.H., Kung, M., & Bingham, G.E. (2024). How dual language bilingual education preservice teachers draw upon and develop students' sociocultural competence. *Foreign Language Annals*, 57(3), 797–817. <https://doi.org/10.1111/flan.12744>
- Humboldt, W. von. (1985). *Iazyk i filosofiya kul'tury* [Language and the philosophy of culture] (A.V. Gulysh & G.V. Ramishvili, Eds. & Intro.). Progress. (in Russ.).
- Jakobson, R. (1959). On linguistic aspects of translation. In R. A. Brower (Ed.), *On Translation* (pp. 232–239). Harvard University Press.
- Khouni, O., & Boudjelal, A. (2019). Introducing the target language culture to EFL learners to enhance sociocultural competence. *Arab World English Journal (AWEJ)*, 10(3). <https://doi.org/10.2139/ssrn.3466046>
- Krasnykh, V.V. (2002). *Etnopsykholingvistika i lingvokulturologiya: Lektsionnyy kurs* [Ethnopsycholinguistics and linguoculturology: A lecture course]. Gnosis. (in Russ.).
- Lyurya, N.A. (2020). Semyoticheskaya diagnostika: metodologiya izmereniya effektivnosti transformatsiy v obrazovanii [Semiotic diagnostics: Methodology for measuring the effectiveness of transformations in education]. *Vyshee Obrazovanie v Rossii*, 29(11), 122–127. (in Russ.). <https://doi.org/10.31992/0869-3617-2020-29-11-122-127>
- McCrindle, M., Fell, A., & Buckerfield, S. (2021). *Generation Alpha: Understanding our children and helping them thrive*. Headline.

- Mickan, P. (2017). Text-based research and teaching from a social semiotic perspective: Transformative research and pedagogy. In P. Mickan & E. Lopez (Eds.), *Text-based research and teaching* (pp. 15–35). Palgrave Macmillan. https://doi.org/10.1057/978-1-137-59849-3_2
- Sapir, E. (1921). *Language: An introduction to the study of speech*. Harcourt, Brace.
- Shchukin, A.N., & Frolova, G.M. (2015). *Metodika prepodavaniya inostrannykh yazykov: Uchebnik dlya studentov uchrezhdeniy vysshego obrazovaniya, obuchayushchikhsya po napravleniyu podgotovki "Lingvistika"* [Methods of teaching foreign languages: A textbook for university students majoring in Linguistics]. Akademiya. (in Russ.).
- Temirgazina, Z., Albekova, A., & Kurmanova, Z. (2021). One more time about the heart: Naive anatomy in the Kazakh language in comparison with Russian and English. *Przegląd Wschodnioeuropejski*, 12(2), 459–475. <https://doi.org/10.31648/pw.6876>
- Vereshchagin, E.M., & Kostomarov, Y.N. (2014). *Yazykikul'tura: Trilingvostranovedcheskie kontseptsii: Leksicheskogo fona, reche-povedencheskikh taktik i sapientemy* [Language and culture: Three cultural-linguistic concepts – lexical background, speech behavior strategies, and sapientema]. Direkt-Media. (in Russ.).
- Whorf, B.L. (1956). *Language, thought, and reality: Selected writings of Benjamin Lee Whorf* (J. B. Carroll, Ed.). MIT Press.

Ж.Е. Атыгаева

*Павлодарский педагогический университет имени Алькея Маргулана
Павлодар, Казахстан*

А.Ш. Тлеулесова

*Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.
Сейфуллина
Астана, Казахстан*

СЕМИОТИЧЕСКАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ КАК МЕТОД ФОРМИРОВАНИЯ СОЦИОКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация. Статья посвящена исследованию применения метода семиотической трансформации для формирования социокультурной компетенции учащихся на уроках русского языка и литературы в школах с казахским языком обучения. В условиях билингвального образования авторы рассматривают семиотическую трансформацию как способ интеграции различных знаковых систем – вербальных, визуальных и мультимодальных – в учебный процесс. Методический эксперимент, проведенный в 5-х классах, включал создание мультимодальных продуктов: интеллект-карт, цифровых книг, комиксов, визуальных проектов и сценариев межкультурного взаимодействия. Обучение сопровождалось использованием цифровых платформ Miro, Pixton и StoryJumper, что обеспечило визуализацию культурных смыслов и вовлечение учащихся в диалог с изучаемой культурой. Семиотическая трансформация реализовывалась в заданиях по интерпретации иллюстраций, созданию маршрутов и озвучиванию мультфильмов. Такие задания стимулировали личностную рефлексию, межкультурное воображение и активное участие в образовательном процессе. Представленный в статье подход подтвердил свою эффективность как метод обучения, соответствующий

когнитивным и эмоциональным особенностям современного поколения, ориентированного на визуальное восприятие и цифровые технологии. Методика может быть рекомендована для внедрения в учебную практику в целях повышения качества образования и формирования у обучающихся ключевых компетенций, необходимых для жизни в поликультурном обществе.

Ключевые слова: русский язык как второй, билингвальное образование, социокультурная компетенция, семиотическая трансформация, цифровые платформы.

Zh.E. Atygayeva

*Pedagogical University named after Alkey Margulan
Pavlodar, Kazakhstan*

A.Sh. Tleulesova

*S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University
Astana, Kazakhstan*

SEMIOTIC TRANSFORMATION AS A METHOD FOR DEVELOPING STUDENTS' SOCIOCULTURAL COMPETENCE

Abstract. The article explores the use of the method of semiotic transformation for developing students' sociocultural competence in Russian language and literature classes in schools with Kazakh as the language of instruction. In the context of bilingual education, the authors view semiotic transformation as a means of integrating various sign systems – verbal, visual, and multimodal – into the learning process. The methodological experiment conducted in 5th grade classes involved the creation of multimodal products such as mind maps, digital books, comics, visual projects, and scenarios of intercultural interaction. The learning process was supported by the use of digital platforms such as Miro, Pixton, and StoryJumper, which facilitated the visualization of cultural meanings and engaged students in a dialogue with the target culture. Semiotic transformation was implemented through tasks involving the interpretation of illustrations, the creation of cultural routes, and the dubbing of animated films. These activities stimulated personal reflection, intercultural imagination, and active participation in the educational process. The approach presented in the article has proven to be effective as a teaching method aligned with the cognitive and emotional characteristics of the modern generation, which is oriented toward visual perception and digital technologies. This methodology can be recommended for integration into educational practice to enhance the quality of education and to develop key competencies necessary for living in a multicultural society.

Keywords: Russian as a second language, bilingual education, sociocultural competence, semiotic transformation, digital platforms.

Авторлық үлестер

Атығаева Ж.Е. – бастапқы жоба, ресурстар, әдіснама, бағдарламалық қамтамасыз ету, визуалдау, жазу – шолу және редакциялау

Тілеулесова А.Ш. – тұжырымдама, формалды талдау, деректерге жетекшілік ету, қадағалау, тексеру.